

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Дидактикалық ойындар
1	«Экология әлеміне саяхат»	Балаларға «Экология» термині туралы түсінік беру, жас ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдағы экологиялық мәселелерді шешуге деген және тірі организмнің айнала қоршаған ортасына әсерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың бойында экология және қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын дамыту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Табиғатты аялайық» ойыны шарты: әр балаға тірі табиғат түрлерін көрсету арқылы тиым сөздер айтқызу. Мыс: гүлді жұлма. Ағашты кеспе. Суды ластама. Көбелекті өлтірме. Құсты атпа т.б.
2	«Жер ғаламшары»	Балаларға жершары туралы түсінік беру, жер шарының пішіні және оның жасанды моделі негізінде глобуспен және аспан денелерімен (ай, жұлдыз, күн) таныстыру. Аспан денелерімен табиғаттың өзара байланысы туралы мағлұматтар беру.	Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Жер шары» ойыны шарты: допты бір балаға лақтырып «жер шары» деп айтады. Қағып алған бала жер шарында кімдер? нелер? мекендейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады.
3	«Табиғатты аялайық!»	Балаларға табиғат, тіршілік туралы түсініктерін қалыптастыру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қамқорлық жасай білуге үйрету. Қоршаған орта туралы әңгімелеу. Қоршаған ортаның маңыздығын түсіндіру, қоршаған ортаның ластануы туралы айту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.	«Жалғасын тап» ойыны шарты: сурет бойынша (қала және орман) әңгімелеу.
4	«Экологиялық факторлар»	Қоршаған орта мен тірі табиғаттың байланысы туралы кеңінен түсінік беру. Қоршаған ортаға адам іс-әрекетінің әсері қандай екендігін түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Экологиялық белгілер» ойыны шарты: суреттер арқылы қоршаған ортаға зиянды (заводтар, фабрика қалдықтары, тұрмыстық қалдықтар, машиналар) және пайдалы (құстар,

				өсімдіктер, жануарлар) екендігін ажырату.
5	«Тірі табиғат тіршіліктері»	Балаларға тірі табиғат тіршіліктері туралы айту. Тірі табиғаттың өзі бірнеше топтарға бөлінетіндігін және әр тірі табиғаттың өзіне тән қасиетін, дамуын, өсуі туралы кеңінен мағлұматтар беру. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланысы туралы кеңінен түсінік беру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Ойланып көрейікші» ойыны шарты: тірі және өлі табиғаттың өзара байланысын әңгімелеп айту.
6	«Табиғат – адам тәрбиешісі»	Табиғаттың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Адам мен табиғаттың өзара байланысы туралы айту. Табиғатпен өзара үндестікте өмір сүру қағидасын қалыптастыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Мынау не?» ойыны шарты: сурет бойынша әңгімелеу.
7	«Өсімдіктер әлемінде»	Балаларды өсімдіктердің түрлерімен олардың тіршілігімен таныстыру. Өсімдіктерді күтіп-баптауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Не артық?» ойыны шарты: сурет бойынша әңгімелеу.
8	«Бөлме өсімдіктері»	Балаларға бөлме өсімдіктері және олардың түрлері, өсіп жетілуі туралы кеңінен түсіндіру. Бөлме өсімдіктерінің адамға пайдасы туралы айту. Өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Ғажайып гүл» ойыны шарты: өсімдіктің суретін өсу ретімен (тамыр, сабақ, жапырақ) қою.
9	«Дәрілік өсімдіктер»	Балаларға дәрілік өсімдіктердің түрлерімен таныстыру. Олардың адамға пайдасын туралы айту, түсіндіру. Дәрілік өсімдіктердің қасиеті мен қолдану тәртібі туралы мағлұматтар беру. Күтіп баптауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: жай өсімдік пен дәрілік өсімдіктің айырмашылығын, қасиетін тауып айту.
10	«Зоология – жануарлар	Табиғаттың сұлу мүсіні-жануарлар туралы білімдерін жетілдіру, олардың	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-	«Не артық?» ойыны шарты: жануарлардың суретінің ішінен

	дүниесі».	топтасуын, тіршілігімен таныстыру. Ойын арқылы жануарларды топтастыра білуге дағдыландыру.	жауап, ойын ойнау.	артық суретті табу.
11	«Құстар біздің досымыз»	Құстар туралы балаларға кеңінен түсінік беру. Құстардың табиғатқа тигізер пайдасы туралы әңгімелеу. Олардың тіршілік әрекетімен кеңінен таныстыру. Қаморлық жасауға тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Сөйлемді аяқта» ойыны шарты: сөйлемнің жалғасын толық ойланып аяқтау.
12	«Су асты әлемі»	Балаларға балықтардың көп түрлілігімен таныстыру. Аквариум балықтарының тіршілігімен таныстыру. Балықтардың дене құрлысымен, суда жүзу ерекшелігі туралы мағлұматтар беру. Қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Суреттерді ретіне қарай топтастыр» ойыны шарты: суда тіршілік ететін жануарлар мен жерде тіршілік ететін жануарларды топтастыру.
13	«Жәндіктер әлемі»	Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттау білуге үйрету, пайдасы туралы айту.	Сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, түсіндіру.	«Аралар» ойыны шарты: сұрақтарға тез әрі нақты жауап беру.
14	Қызыл кітап	Қызыл кітапқа жойылып кету қаупі төнген, айырықша қорғау шараларын талап ететін өсімдіктер мен жануар тіркелетіні туралы түсіндіру.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Ойлан тап» ойыны шарты: сурет бойынша қызыл кітапқа енген жануарларды табу.
15	«Табиғат ресурстары»	Балаларға табиғат ресурстары: ауа, су, топырақ туралы білімдерін кеңейту және өзара үйлесімділігін түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Топтастыр» ойыны шарты: тірі табиғат пен табиғат ресурстарының байланысын әңгімелеп айту.
16	«Тіршілік атаулының бар арманы- ауа».	Ауа туралы түсінік беру. Ауаның жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігін, егер ауа болмаса тіршілік болмайтындығын түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, тәжірибе жасау.	«Ауаны үрлеу» ойыны шарты: ауаны айнаға, шарға үрлеп сипаттау.
17	«Ауаның	Балалардың ауа туралы білімдерін	Түсіндіру,	«Ауаны тап» ойыны

	қасиеттері»	кеңейте отырып, ауаның қасиеттері туралы ұғымдарын арттыру.	әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тәжірибе жасау.	шарты: ауаның бар екендігін дәлелдеп тәжірибе жасау.
18	«Ауаның ластануы».	Ауаның ластану көздері туралы түсіндіру. Ауаны таза сақтауға тәрбиелеу. Ауаны тазарту үшін өсімдіктердің маңыздылығын айту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Көрінбейтін сиқыршы» ойыны шарты: ауаны лаптаушы және тазартушыны тауып ажырату.
19	«Су – тіршілік көзі»	Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, тірі табиғат тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Су кімге немесе нелерге қажет?» ойыны шарты: суды қажет ететін заттарды табу.
20	«Су құрамы мен қасиеті»	Балаларды судың қасиеттері туралы білімдерін кеңейту. Судың мұзға және мұздың суға айналу қасиетімен таныстыру.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау.	«Су не үшін қажет?» ойыны шарты: судың қажеттілігі туралы сұрақтарға жауап беру.
21	«Су айналымы»	Балаларға табиғаттағы судың айналымы туралы түсіндіру, тәжіри тұлғысынан көз жеткізу. Суды ұқыпты, таза пайдалануға тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелеу, жұмбақ, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын.	«Жаңбыр тамшылары» ойыны шарты: судың үш күйі туралы сурет бойынша әңгімелеу.
22	Топырақ-тіршілік ортасы	Топырақ туралы түсінік беру. Топырақтың маңыздылығын ұғындыру. Топырақтың тірі табиғатқа тигізер зор пайдасымен қасиеті туралы білімдерін кеңейту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау.	«Ненің ұясы» ойыны шарты: топырақта өсетін және топырақта мекен ететін тіршілік иелерін ажырату.
23	Топырақтың құрамы мен түрлері	Топырақтың құрамын және топырақтың түрлерін ажырата білуге үйрету. Топырақ түрлерінің маңыздылығын түсіндіру.	Жұмбақ, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау	«Бұл не?» ойыны шарты: жабық ыдыстағы топырақты және суды шайқау арқылы ажырату.
24	Топырақтың қасиеттері	Топырақтың түрлерін анықтау арқылы топырақтың өсімдік өсуге қолайлылығы туралы түсінік беру. Қазіргі таңда топырақты қорғап,	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау	«Пайдасы қандай?» ойыны шарты: сурет бойынша топырақтың пайдасы туралы әңгімелеп айту.

		аялауға үйрету.		
25	Құм.	Құм және құмның құрамы мен қасиеті туралы түсінік беру. Құмның адамға пайдасымен емдік қасиеті туралы білімдерін кеңейту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Ненің бейнесі» ойыны шарты: құмға сурет салу.
26	Күн-жарық пен жылу көзі	Күн - жарық пен жылу көзі, күннің тірі табиғат үшін маңыздылығын түсіндіру. Егер күн болмаса тіршілік болмайтынын ұғындыру.	Жұмбақ, әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын.	«Күн шуағы» ойыны шарты: балалар өздерінің тілектерін айту арқылы күннің шуағын құрастырады
27	Әлемнің экологиялық проблемалары	Балаларға экологиялық проблемелер туралы түсінік беру. Қазақстадағы экологиялық жағдай (судың, ауаның ластануы, тұрмыстық қалдықтар) оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Ойлан тап» ойыны шарты: Табиғатқа пайдалы іс жасау үшін не істеу қажет? сұрағына жауап беру.
28	Адам әрекетінің табиғатқа оң және теріс әсері	Балаларға адамның табиғатқа пайдасы мен келтіретін зияны туралы білімдерін кеңейту. Табиғатты қорғауға баулу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	«Оң және теріс» ойыны шарты: сурет арқылы әңгімелеу.
29	Тұрмыстық қалдықтар олардың түрлері.	Балаларға күнделікті тұрмыстық қалдықтар және олардың түрлері туралы түсінік беру.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: тұрмыстық қалдықтардың түрлерін, айырмашылығын тауып айту.
30	Тұрмыстық қалдықтардың зияны қандай?	Тұрмыстық қалдықтардың адам өмірі мен қоршаған ортаға келтіретін зияны туралы түсінік беру. Полиэтилен пакеті мен пластик бутылкалардың зияны туралы түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: тұрмыстық заттардың зияны мен пайдасы туралы ажыратып әңгімелеу.
31	Тәжірибе сабағы. Зертханалық жұмысты бақылау.	Балаларға тәжірибе бойынша зерттеу жұмысын жүргізуді бақылату арқылы полиэтилен пакетінің зияны туралы білімдерін кеңейту. Полиэтилен пакетін қолдануға болмайтындығы туралы түсінік беру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, тәжірибе жасау	«Айырмашылығын тап» ойыны шарты: полиэтилен пакеті мен табиғи пакеттің айырмашылығын айту.
32	Тұрмыстық	Тұрмыстық заттардың жарамсыз болып	Әңгімелеу, сұрақ-	«Топтастыр» ойыны

	қалдықтарды қалай сұрыптаймыз?	тұрмыстық қалдақтарға айналғанның кейін, оларды жеке-жеке сұрыптап қалдық салатын жәшіктерге салуды түсіндіру.	жауап, түсіндіру.	шарты: сурет бойынша тұрмыстық қалдықтарды топтастырып, өз жәшігіне салу.
33	Тұрмыстық қалдақтарды кәдеге қалай жаратамыз?	Балаларға тұрмыстық қалдықтардан әр түрлі заттар жасауға үйрету. Шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Бұл не?» ойыны шарты: қолдан жасалған заттардың қалай жасалғандығын және қалай қолдану қажеттігін айту.
34	«Он саусақ»	Балаларға қалған қиынды маталардан қуыршаққа киім тігуді үйрету. Қол икемділіктерін дамыту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Шебер қолдар» ойыны шарты: матадан және қағаздан жасалған киімдердің айырмашылығын табу.
35	Табиғат-біздің екінші үйіміз	Балаларға табиғатты аялауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Табиғат тіршіліктері» ойыны шарты: тірі табиғат тіршіліктерін табу.
36	Атадан мал қалғанша, тал қалсын.	Балаларды туған жердің табиғатының тазалығын сақтауға, көгалдандыру жұмысын жүргізудегі негізгі мақсат - тал егеудің маңыздылығын түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.	«Жалғасын тап» ойыны шарты: мақал –мәтелдің жалғасын тауып айту, мағынасын түсіндіру.